

Шиелі ауданында орналасқан "Сауықандық шатқалындағы жартастағы бейнелер кешені" тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағының, құрылыш салуды реттеу аймағының және қорғалатын табиғат ландшафт аймағының шекарасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 19 мамырдағы № 26 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 маусымда № 5535 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2021 жылғы 17 наурыздағы № 14 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 17.03.2021 № 14 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

"Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Шиелі ауданында орналасқан "Сауықандық шатқалындағы жартастағы бейнелер кешені" тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағының, құрылыш салуды реттеу аймағының және қорғалатын табиғат ландшафт аймағының шекарасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық

мәслихатының

3 сессиясының төрағасы

P. Ысқакова

КЕЛІСІЛДІ

"Қызылорда облысының мәдениет,

архивтер және құжаттама

баскармасы" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

E.Абдрахманов

2016 жылғы "19" мамыр

Қызылорда облыстық

мәслихатының

хатшысы

H. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының

2016 жылғы "19" мамырдағы

№ 26 шешіміне қосымша

Шиелі ауданында орналасқан "Сауықандық шатқалындағы жартастағы бейнелер кешені" тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағының, құрылыш салуды реттеу аймағының және қорғалатын табиғат ландшафт аймағының шекарасы

№	Тарихи және мәдени ескерткіштің атауы, мерзімі	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері	Корғау аймағының көлемі	Құрылым салуды реттеу аймағының көлемі	Коргалатын табиғи ландшафт аймағының көлемі
1	Саусықандық шатқалының аумағында орналасқан ескерткіштер т о б ы : Саусықандық шатқалындағы жартастағы бейнелер кешені (б.з.д XVIII – б.з III ғ.ғ.) Корғандар Корымдар	археология археология археология	Шиелі ауданы, Еңбекші ауылынан солтүстікке қарай 50 шақырымда (85,7 гектар Қаратай жотасындағы Саусықандық шатқалы)	85,7 гектар	130,1 гектар	122,8 гектар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК